

ГТАХР: 13.01.29

ӘОЖ: 008.002.6

DOI 10.70239/arsu.2024.t77.n3.15

## ЦИФРЛЫҚ ШЫНДЫҚ ТУДЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

АМАНИЯЗОВА Б.А. \*  ЖАЛМАҒАНБЕТОВА А.С. 

\*Аманиязова Багдагүл Айтбайқызы — гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Жалмағанбетова Амангул Серикбаевна – тарих магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: [amanek\\_botik@mail.ru](mailto:amanek_botik@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

**Аңдатпа:** Бұл мақалада автор қазіргі адамзат буынының көзінше «қалыпты болмыстың» қалай өзгергеніне тоқталған. Бірнеше буын өкілдері кезінде өзгермеген болмыстың бейнесі, сипаты жылдам өзгеріп кетті. Технологиялық инфрақұрылым тудырған түбегейлі өзгерістер мен қоғам өмірінде олар тудырған ауысулар бір ұрпақтың өмірінде бірнеше мәрте өзгеріске ұшырап жатыр. Цифрлық шындықтың көз жетпес жылдамдықпен дамуы адамзат қабылдауы, үйренуі, бейімделуі керек шындыққа айналды. Бұл дүниені танудың жаңа кезеңі. Жаңа кезең өзі туралы, қоршаған шындық туралы және сол шындықтағы өз рөлі туралы жаңаша ойлана алатын жаңа адамды талап етіп жатыр. Мақалада автор жаңа цифрлық шындық жағдайында адамзат алдында көтерілген мәселелер туралы көрсетті. Жаңа шындық өзгеріске жылдам ұшырап жатыр және бұл тұрақты процеске айналды. Адам үнемі таңдау жағдайында өмір сүруге үйрене бастады. Виртуалды әлем мүмкіндіктер мен қатар қарама-қайшылықтарға да орын берді. Адамдар өздерін шындыққа сәйкес келмейтін түрлі ойлап шығарылған бейнелер арқылы көрсете бастады. Мақалада осы сұрақтар көтеріледі. Автор ақпараттық мәдениет көмегімен моралдық нормалар мен құндылықтарды сақтап қалуға болады дегенді айтады.

**Түйін сөздер:** шындық, цифрлық шындық, ақпараттық мәдениет, бейімделу, құндылықтар, өзгеріс.

**Кіріспе.** Қазіргі қоғам - өзгерістер дәуірі. Қазір қай саланы алып қарасақ та цифрлық шындық, цифрлану деген ұғымдар пайда болды. Цифрлану дегеніміз не? Цифрлану немесе цифрландыру - өмірдің түрлі саласы мен өндіріске заманауи сандық технологияларды жаппай енгізу. Осыдан жиырма жыл бұрын адамдар мобилді телефонды алғаш көріп, қолдана бастаса, қазір интернет біз үшін қалыпты құбылысқа айналды, ал кез келген адамның үйінде ақылды құрылғылар пайда болғалы қашан. Цифрландыру жаһандық деңгейде сандық технологияға негізделген тұрмыс пен өндірістің түрлі саласына енгізіліп жатырған экономикалық қызмет концепциясы. Бұл концепция әлемнің кез келген елінде енгізіліп жатыр. Егер цифрландыру барлық елде, барлық жерде енгізіліп жатса, онда біз оның ауқымын неге көрмейміз? Бірақ цифрланудың бір көрсеткіші сол оның ашықтығы. Себебі цифрлану процесі өмір сапасын жақсартып отырып, әлеуметтік, саяси, бизнес үдерістерді өзгертеді. Сол себепті өзгерістер дәуірі туды деп нық сеніммен айта аламыз. Өзгерістер көзді ашып жұмғанша орын алып жатыр. Ақылды тұрмыстық құрылғылар пайда болды, ақпарат ашық, өндірістік процестер машинамен бақыланады, роботтар адамдарды зиянды жұмыс істеуден босатып жатыр. Ақпараттық технологияның енуі жаңа шындықты тудырды. Осы шындықта өмір сүріп жатырған адам сандық шындық тудырған көп мәселемен бетпе-бет келіп отыр. Адамның өзін тануы, таныту тәсілдері түбірімен өзгерді. Соған сай мінез-құлық паттерндері, морал-құндылық бағдарлары, тұтас дүние танымдық түсініктері өзгеріске ұшырады. Технологияның адамға беретін мүмкіндігін толық зерделеу мүмкін емес. Сандық технология құбылысы өте күрделі, себебі ол адамға техникалық мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар гуманитарлық әлеуетке ие. Сондықтан біз адамның жаңа жағдайда өмір сүре алуы, өз орнын таба алуы үшін стратегия ойлап табуы қажет етеміз. Осы орайда ақпараттық мәдениетті қалыптасқан жағдайға сәйкес келетін тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін ерекше тірек ретінде қарауды ұсынамыз. Жаңа цифрлық шындық бізге не береді, адамзат оған қаншалықты дайын деген сұрақтар ғылыми ортада көп талқыланады. Д.Белл, Е.Масуда, М.Кастельс, П.Друкер, Ф.Уэбстер, Э.Тоффлер, В.М.Розин, И.Ю.Алексеева және т.б. еңбектерінде цифрлық шындық тудырған мәселелер қарастырылған. Жұмыс цифрлық шындық мәселелерін

философиялық талдаудан тұрады. Мақала цифрлық шындықтың қауіп жағдайын азайтып, адамзат алдындағы тұрған белгісіздікті жоюға мүмкіндік беретін стратегияларды анықтау мақалаға негіз болған. Автор мақалада цифрлану дегеніміз не және ол үшін не үшін қажет, цифрланудың негізгі бағыттары, цифрланудың кемшіліктері, артықшылықтары, цифрланудың мәселелері туралы талдау жүргізген.

**Тақырыптың өзектілігі** цифрландыру адамға көп жеңілдік береді. Егер адам өмірін бірнеше құрамдас бөлшекке бөлетін болсақ, адамдар үкіметтің жұмысты жақсы атқарғанын, үйде отырып зат пен қызметті сатып алғанды, үйден шықпай ақпарат алғанды, адамдармен араласқанды қалайды. Осының бәріне цифрландыру арқылы қол жеткізе алады. Мақаланың мақсаттары мен міндеттері: цифрландыру мен автоматтандыру деген ұғымдардың ара жігін ашып көрсету, цифрландыру бізге неге керек, өмір сапасы қалай өзгередіні туралы ақпарат беру, цифрландырудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне көңіл аударту, цифрландырудың объективті және заңды құбылыс екеніне, заман талабы екеніне көз жеткізу.

Ғаламдық цифрландыру әдемі естіледі, бір жағынан қорқынышты да. Қарапайым тілмен цифрландыру дегеніміз не және оның пайдалы жақтары қандай талдау жасайық. Цифрландыру қазір қай жерде қолданылады:

- Тұрмыста;
- Өндірісте;
- Жұмыста;
- Мемлекеттік құрылымдарда;
- Бизнесіте.

Тұрмыстағы цифрландыру көп адам үшін түсінікті де, үйреншікті болып кетті. Көп адам сандық дабыл қаққыш жүйені жиі қолданады. «Ақылды» үйдегі заманауи және қымбат құрылғылар туралы айтпасақ та болады. Өндірістік цифрландыру адамды жалықтыратын біртекті жұмыстарды қысқарта бастады, еңбек және өндірістік процестерді ұйымдастырып, бақылайды, компания қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігіне жауап береді. Ақылды жүйелер ақауы бар бөлшектерді анықтап, видеобақылау жүйесі қауіпсіздік техникасының сақталуын қадағалайды. Мұндай жүйелер өндірістік емес компанияларда да, шағын кеңселерде де қолданылады.

Цифрландыру тудыратын қауіптің бірі - болашақта кей мамандықтардың жойылу қаупі мен көп процесте адам рөлінің төмендеуі. Мысалы көп адам цифрландыру мен автоматтандыру ұғымдарын жиі шатастырады. Егер кеңседе жеке компьютерлер мен интернет болса, мекеме цифрландырылған деп ойлайды. Ал шын мәнінде интернет пен компьютер бірқатар процестерді жеңілдететін және автоматтандыратын құралдар ғана, олар ешқандай цифрлық өзгеріске әкелмейді. Цифрландыру жұмыс және өндіріс процестерін жетілдіру, автоматтандырып қана қою емес, ол тұтас бизнес моделдерді өзгертуі тиіс. Мысал келтіретін болсақ, білім беру саласындағы автоматтандыру сандық оқулықтарды, видеосабақтарды және басқа да құралдарды қолданып, оқу процесін жеңілдетуді білдіреді. Цифрландырудың негізгі бағыттары. Цифрлық өзгерістің бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады: жаңа цифрлық бизнес модел жасау, цифрлық тауар мен қызмет көрсету түрлерін жасау, өнімнің тіршілік циклін басқару, ақпаратты автоматты жинау, сақтау және өңдеу, цифрлық жобалауды енгізу, өндірістік процестер мен жеткізу желілерін басқару, әкімшілік функцияларды орындау, қол еңбегін роботтар мен электронды құжат айналымды қолдану арқылы автоматтандыру.

Білім беру саласын цифрландыру ең алдымен мектептер мен жоғары оқу орындарын заманауи цифрлық технологиялармен жабдықтаудан басталады. Заманауи технология оқу мен оқыту материалының барлығына қол жетімділігін жоғарылатады. Білім беруді цифрландырудың артықшылығы: оқушыларды ерте жастан жауапкершілікке үйрету, қағазды азайту, оқушылар енді дәптер мен оқулық тасымалды, ал мұғалімге де оқулық керек емес, бір планшет қаптаған кітаптың орнын басады, кеңсе тауарлары үнемделіп, электронды оқулықтарды қолдану шығынды азайтады. Толық цифрлық өзгеріс болғанда алыс елдімекендегі адамдар да білімге қол жеткізе алады деген сөз. Бұл концепцияның кемшіліктері оқушылардың әлеуметтенуі төмендейді, физикалық дамуына аз көңіл бөлінеді, педагогтардың

қызметі азаяды. Цифрлық өзгеріс тиянақты жоспарланып, мұқият енгізілген жағдайда білім саласын жаңа сапалы деңгейге алып шығары сөзсіз.

Ақпараттық жүйелерді цифрландыру анықтамалар мен құжаттарды үйден шықпай алуды білдіреді, қазіргі адам жүйедегі адами фактормен және басқа да адами факторға қатысты кедергілермен кездеспес үшін аса қажет. Құжаттарды мемлекеттік қызметтер қосымшасы арқылы жасауға болады, жеткізу қызметі тамақты әдетте қайда тапсырыс беретінін есте сақтайды, медициналық карта кабинеттер арасында жоғалып кетпейді. Кез келген цифрландыру мәліметтерді ашып, жинаудан басталады. Жүйенің қалтқысыз жұмыс жасауы үшін ақпараттың мол болғаны жақсы. Арнайы бағдарлама алынған мәліметтерді өңдеп, оңтайлы нәтиже береді. Ақпараттық жүйе нақты ақпаратпен де жұмыс жасайды, сонымен қатар жасанды ақыл ойды пайдаланып болжам құруы да мүмкін. Мұндай жүйенің жарқын мысалы ретінде Алиса сияқты дауыстық көмекшілерді айтуға болады. Олар нақты сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар қолданушымен философиялық әңгіме дүкен құрады.

Цифрландыру басқару процесіне қандай өзгеріс алып келеді? Мемлекеттік деңгейде цифрландыру туралы форумдар өтеді, ақылды жүйелерді жасауға тендерлер ойнатылады, «халықты ағарту» мақсатында түрлі семинарлар өтеді. Мұның барлығы адамдар үшін бейбіт орта жасау үшін және мемлекеттік органдармен қарым-қатынасты реттеу үшін жасалып жатыр. Жаһандық цифрландыру басқаруды ашық етеді, яғни барлық мәліметтер мен хат жазысулар ашық ресурстарда сақталатын болады, бұл басқарушыларды тәртіпке үйретіп, хабарламаларды өңдеу тиімділігін арттырады. Басқару тиімді бола түседі, оңтайлы шешім қабылдау үшін түрлі ресурстардан түскен мәліметтерді талдау қолданылады. Мысалы депутат бюджетті белгілі бір салаға бөлер кезде азаматтардан түскен арыз шағымдарға сүйене отырып, ұсыныс жасайды.

### **Цифрландырудың кемшіліктері мен артықшылықтары**

Цифрландырудың сансыз артықшылықтарына қарамастан, кемшіліктері де жоқ емес, оларды ескерусіз қалдыруға болмайды.

**1. Киберқылмыс және кибертерроризм.** Адамзаттың барлық өмір сүру саласы, барлық жүйе тек цифрлық технологиялар негізінде әрекет ететін болса, ақпараттық қауіпсіздікке ерекше мән беру керек. Қауіпсіздік сақталмаған жағдайда киберқылмыскерлер мен кибертеррористтер жүйеде ойларына келгенін жасай берері сөзсіз. Ал бұған жол беруге болмайды.

**2. Жұмыссыздық және роботтардың адамдарды ығыстыруы.** Жақын болашақта роботтар адамдарды толықтай ауыстырады деген қорқыныш та жоқ емес. Көптеген мамандықтар автоматтандырылады, бұл әсіресе біртекті, аса қиын емес, физикалық тұрғыдан ауыр, өмір мен денсаулыққа зиян тигізетін жұмыстарға қатысты.

**3. Технологиялық айырмашылық және цифрлық поляризация.** Поляризация бар жерде бар: жабайы табиғатта да, өркениетті қоғамда да кездеседі. Кей мемлекеттер бай, кей мемлекеттер кедей деген сияқты. Технология мен цифрландыру салаларында да осы мәселе көрініс беріп отыр: бір мемлекеттер трансұлттық ІТ-гиганттар көмегімен өз ықпалын арттырады, кей мемлекеттердің халықты интернетпен, қарапайым құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге қаржы мен мүмкіндіктері жоқ. Одан басқа әлемнің әр бұрышындағы технология мен цифрландырудағы айырмашылық айдан анық және ол тұрақты өсіп жатыр. Оны қалай теңестіруге болады, бұл да түсініксіз.

**4. Цифрлық және технологиялық құлдық.** Тағы бір маңызды мәселенің бірі – адам бостандығын технологиялардың басып-жаншуы. Цифрландыру адамға ыңғайлы орта береді, жайлы орта, барлық қажетті игілікті береді, бірақ орнына адамның қалауынша өмір сүруін шектейді. Технологиялар адамда билікке деген ұмтылысты жаншып, өз өмірі үшін жауапкершілігін алып қояды.

**5. Толықтай бақылау және құпиялылықтың болмауы.** Әлемнің күшті мемлекеттері адамдардың ойы мен мінез-құлқын моралдық және заңды тұрғыдан бақылау үшін қауіпсіздік деген нәрсені таңдап алды. Енді біздің қоғам да барлық өзгерістерді бақылау үшін тырысып жатыр. Цифрландырудың біз білмейтін басқа да кемшіліктері бар шығар, біз тек ең басты деген

және айқын минустарына тоқталдық. Алайда цифрландырудың артық тұстарын айтпай кетуге болмайды. Цифрландырудың, жаңа технологияларды енгізудің кемшіліктеріне қарамастан, олардың адам өмірін ыңғайлы, қарапайым ете түскенін мойындауымыз керек. Ең басты артықшылықтарына тоқталып өтейік.

-Цифрлық технологиялар бюрократияны қысқартып, мемлекеттік басқаруды оңтайландыру мен қарапайымдандыру арқылы сыбайлас жемқорлық көріністерін жояды.

-Цифрландыру мекемелерде өндіріс процестерін автоматтандыру мен роботтандыру арқылы еңбек өнімділігін арттырады.

-Цифрлық технологиялар клиенттермен етене араласып, олардың қажеттіліктерін анықтап, қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

-Цифрландыру кеңсе қызметкерлерімен қатар, онлайн негізде жұмысшыларды жұмыспен қамти алады.

-Цифрлық технологиялар коммуникациялық кедергілерді жоқ қылады, адамдар әлемнің түрлі бұрышында отырып, байланыста бола алады, бір-бірімен серіктес бола алады. Видеоконференциялар арқылы адамдар білім алады, өзара қызмет көрсетеді.

-Цифрландыру ақпараттық қауіпсіздіктің дамуына ықпал етеді. Бұл қоғамдық өмірдің инфрақұрылымын қорғалуын арттырады.

-Цифрландыру барлық нәрсенің дамуына әсер етеді, оның ішінде жаңалықтар, жаңа стартаптар, пайдалы IT және Digital-шешімдер пайда болып жатыр, мобилді даму қарқынды дамып жатыр, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер көз ілеспес жылдамдықпен өсуде.

-Цифрлық технологиялар клиенттер мен компаниялардың уақыты мен күшін үнемдейді.

- Цифрлық технологиялар көптеген жаһандық мәселелерді күшейтеді, мысалы электрификация мен урбанизация кесірінен халық саны артып, жеріміз ластанып, климат өзгеріп жатыр. Сондықтан цифрландыру қоршаған ортаға қамқорлық таныту сияқты стратегияларды қолдануға мәжбүрлейді.

-Цифрландыру – жаһандану құралдарының бірі, онсыз енді даму мүмкін емес. Жаһандану- барлық салада әлем мемлекеттерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің күшею процесі: жалғыз нарықтық және ақпараттық кеңістік, халықтың қал-ахуалының артуы, адамдар арасындағы кез келген шекара мен кедергілерді өшірді.

### **Цифрлық өмірдегі адам**

Әлеуметтік кеңістіктің ақпараттануы, цифрлық орта эмоциялық-тұлғалық және психикалық дамуға үлкен ықпал етеді. Қоғамға және әрбір жеке адамға цифрландырудың ықпалы өзекті ғылыми мәселеге айналды. Ерте жастан бастап балалар электрондық ақпараттық құрылғыларды қолданады. Соған орай «цифрлық балалық» деген аталатын құбылыс пайда болды [1.3]. Цифрлық құрылғылар сыртқы әлеммен өзара әрекет формаларын өзгертті, адам өмірінде бос орын қалдырмады, дамудың жаңа жағдайын жасап, әлеуметтенудің толыққанды агентіне айналды. Цифрлану қоғамның барлық саласына ене отырып, жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қауіптерге жол ашты. Қазіргі балалар цифрлық ортада туып, өмір сүреді, оқиды. Қазіргі заманауи әлем - өмір сапасын арттыру үшін заманауи цифрлық технологияны қолдануда көрінетін жалпыға ортақ цифрландыру әлемі. Осы әлемде баланың тұлғасы қалыптасады. Балалар дүниеге келген сәттен бастап цифрлық кеңістікке еніп кетеді. Балалар осы цифрланумен бірге дамып жатыр. Олар цифрлық кеңістіксіз өз өмірін елестете алмайды, себебі олар аға буын өкілдеріне қарағанда онсыз өмір сүріп көрмеген. Цифрландыру адам дамуының когнитивтік, коммуникативтік, эмоциялық, психофизикалық, әлеуметтік салаларына ықпал етеді [2.3]. Соңғы жылдардағы Касперский зертханасы жүргізген зерттеулерге сенсек, 85 пайыз балалар цифрлық құрылғыларсыз өмірін елестете алмайды. Үй шаруасынан босамайтын ата-аналар балаға телефон немесе планшет жиі беріп қояды. 4-5 жастан бастап цифрлық құрылғыларға ата-аналардың өздері үйретеді. Әлеуметтік желіде бастауыш сынып оқушыларының қырық пайызынан артығының аккаунттары бар. Баланың миы цифрлық ортада дамып жатыр. Балалар басқа адамның ішкі әлемін түсінуге тырыспайды, олар бір бірімен сөйлеспейді де. Көптеген қызметтер тек онлайн көрсетіледі, ал мектеп оқушылары қашықтан оқыту тәсілімен білім ала бастады. «Цифрсыз» өмір сүріп көрген

ересектерге қарағанда балалар «дүниеге қолына смартфон ұстап туып жатыр». Балалар сыртқа шығып ойнауды азайтып, көп уақытын компьютер алдында үйде өткізе бастады. Баланы далаға сүйреп шығару мүмкін емес. Физикалық белсенділік пен ересектермен, өзі құрдастарымен араласуды компьютер экраны ауыстырды. Балалар топтасып ойнауды ұмытты. Олар топтық өзара әрекет дағдысын жоғалтты. Нағыз дос болуды қалай екенін де білмейді. Дос деп енді балалар виртуалды достарды атай бастады. Достардың саны кез келген уақытта өшіріп тастауға болатын жазылушылардың санымен есептеле бастады. Балалар құрдастарымен кикілжіңге түскенде не істеу керек екенін білмейді, себебі виртуалды әлем-бұл шынайы әлем емес. Кибермания өте жылдам қарқынмен өсіп жатыр. Басты қауіп цифрлық тәуелділік деген диагноз. Бұл диагнозды көп ата-ана мойындамаса да, ол халықаралық аурулар тізіміне енгізілген [3.5]. Компьютерлік тәуелділік көріністеріне оқу үлгерімінің күрт төмендеуі, оқығысы келмеу, танымдық қызығушылығының төмендеуі, құндылықтардың ауысуы жатқызуға болады. Балалар виртуалды әлем заңдылықтарын шынайы әлемге тасымалдай бастады. Цифрлық технологияның құрбанына айналған бала шынайы әлемге қызығушылық танытпайды. Көп уақыты виртуалды кеңістікте өтеді. Бұл жағдайда не істеуге болады? Балаға психикалық және физикалық денсаулығына зиян келтірмейтін балама ұсыну керек. Көп жағдайда ата ана баланың тек материалдық жағдайына көңіл бөліп, олардың рухани дүниесіне аз уақыт бөледі. Олардың жанын түсінуге тырыспайды, қызығушылығы туралы әңгімелеспейді, баланың шынайы өмірдегі досы болуға тырыспайды. Виртуалды ойын әлемінде бала шынайы әлеммен байланысын жоғалтады. Мәселе бар ма? Бар. Оны қалай шешуге болады? Басты қателік- оларға тыйым салудан аулақ болу керек. Егер бала гаджетке жабысып алса, оны қолынан жұлып ала алмайсың. Сондықтан оны қызықтыру керек, спортқа баулып, шығармашылықпен айналыстыру керек.

**1.Адам үнемі таңдау жағдайында өмір сүреді.** Цифрлық шындықтың пайда болғанына көп болмаса да шынайы шындықпен қатар дамып келе жатырған толыққанды концепт. Ол реалды шындыққа қарағанда тұрақты, әрі жылдам өзгеріп жатыр. Адамдардан да жылдам әрекетті, көп істі қатар атқару жағдайында жұмыс істей алу дағдысын талап етеді. Адам тұрақты таңдау жағдайында өмір сүріп жатыр. Адам өз әрекетін жүзеге асыру үшін сандық каналдарды таңдайды, толассыз ақпарат ағынынан қажетті ақпаратты бөліп алады, өзін көрсету үшін сандық құралдарды қолданады, психологиялық, этикалық, моралдық кикілжіңге тұрақты түсіп отырады.

Цифрлық шындық алып келген жаңалықтар адамға жан-жақтан әсер етіп жатыр. Бір жағынан адамзат болмысының шекарасы кеңейіп жатыр, себебі технологиялар әдеттегі міндеттерді жаңа тәсілмен шешуге мүмкіндік береді. Адамдар уақыт ресурсын үнемдеп, кеңістіктен тәуелділігін азайтты. Бірақ сонымен қатар адамзат болмысы тұрақсыздық жағдайына өтті, бұл көп ғасырлық адамзат тәжірибесінің нәтижесі болған, әлеуметтік шындықтың объективтік сипаттарын бейнелейтін қалыпты әлеуметтік ережелер әлемін бұзып жатыр. Әлеуметтік шындық бұл «қалыптасу ортасы» және «әлеуметтік шығармашылық пәні» болған күрделі жүйе [4.6].

Таңдау жағдайы әлеуметтік шындық шеңберінде адам әрекетін тұрақсыздандырып жіберді. Биологиялық және әлеуметтік сипаттар арасында қарама-қайшылық пайда болды. Әлеуметтік әрекеттердің қарқынды жүруі «абиологиялық үрдіс», яғни адамдардың денсаулығына, психикасына кері әсерін тигізіп жатыр. Бұл қарама-қайшылықтың анық, өткір көріністерін жеңу жасанды жүйелерді жасау есебінен ғана жүреді [5.4]. Мұндай жүйелерді меңгеру кезінде қарқындылықтың артпауын қадағалау керек. Әйтпесе тығырыққа тірелеміз.

Әлеуметтік тәжірибеде кез келген жаңашылдықты қолдану әлеуметтік табысқа кепілдік бермейді, басқаша айтқанда толыққанды мақсатты, саналы, шығармашылық тұрғыдан әрекет етуге мүмкіндік бермейді.

**2. «Цифрлық Мен» ұғымы.** Цифрлық шындық жағдайында жаңа «Цифрлық Мен» ұғымы пайда болды. Ол бірнеше сипаттамасы бар нақты адамның қалыптасқан формасы. Ол адамның сипаттамалары шындықпен сәйкес келеді, кей тұстары ерекшеленеді.

«Цифрлық Мен» ұғымында тұлғалық белгілер адамның қалауы бойынша «құрастыру»

мүмкіндігі арқасында өзгеріске ұшырап жатыр. Кей жағдайда ол оң тенденцияға ие, себебі жеке сапалар психикалық процестердің дамуына, жаңа цифрлық көріністерді тануға әсер етеді. Сонымен қатар адамның шынайы өмірден алшақтап, сандық әлемге еніп кету қаупі бар. Ол әлемде бәрі ойдан шығарылған, құралған жағдайлар, әрекеттер, бейнелер. Соның салдарынан әлеуметтік мәнді дағдылар, өзін реттеу, шынайы коммуникация, әлеуметтену әлсіреп жатыр. Өзгерістер ерікке, моралдық мінез-құлық саласына еніп жатыр. Бұл «қазіргі қоғамның құндылықтық дамуына» әсер етеді. Адам өзін тарихи қалыптасқан тәжірибелер мен виртуалдың өзара әрекет шеңберіндегі белсенділігі арқылы көрінетін жоғары белсенділікке ие [6.3].

«Цифрлық Меннің» қалыптасуы әлеуметтік сипаттамаларды «өшіруге» немесе кей жағдайда түзетуге мүмкіндік береді. Адамның цифрлық бейнесінің жасы, жынысы, кәсібилік деңгейі жоқ. Бұл адамға өзі үшін маңызды деп санаған тұлғалық өлшемдерін таңдау мүмкіндігін береді. Бұл процесс шынайы әлемдегі дағдылы мінез-құлық паттерндерін бұзады.

Адамның цифрлық әлеуметтік тәжірибесі әлі кең және тұрақты емесін ескерсек, адам өте әлсіз нәрсеге айналады. Шын мәнінде қауіпті жағдай көп, цифрландыру жеке ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық жеке сәйкестендіру мәселелерін туындатты. Цифрлық жеке ақпараттар түрлі мақсаттарда, оның ішінде алаяқтық мақсатта да қолданылады. Адам өзі қолданатын цифрлық каналдың қауіпсіздік дәрежесін бағалай алмайды.

Адам мен цифрлық шындықтың өзара әрекетін зерттеу қауіп пен белгісіздіктің болатынын теріске шығармайды. Адамның цифрлық әлемде өзін жүзеге асыруы «өзін-өзі жетілдіруге негіз» бола алмайды [7.4].

«Цифрлық Мен», әрине, ерекше феномен. Оның көмегімен біз үлкен мүмкіндіктер аламыз. Сонымен қатар үлкен тәуекелге барамыз.

**3. Жаңа құндылықтармен сыналу.** Цифрлық шындықта шынайы өмірдегі құндылықтар мен нормалардан бөлек құндылықтар пайда болады. Парсон бұл категориялар «белгілі міндеттемелер әрекетін субъектілердің қабылдау процесін реттейді» дейді. Сонымен қатар «функционалды және ситуациялық жағдайларда әрекет ету үшін бағдар береді»[8.4].

Дәстүрлі құндылықтар мен нормалар ғасырлар бойы қалыптасқан. Қазіргі сәтте адамзат алдында адамға ақпараттық жүкті азайту мақсатында дәстүр мен жаңаны ақылға салып біріктіру мәселесі тұр. Бұл мәселенің ауқымы өте үлкен. Адамға тұрақтылық сезімін беретін, әлеуметтік әрекеттерді жүзеге асыруға көмектесетін дәстүрден бас тарту мүмкін емес. Олай болса, адам цифрлық шындықпен аксиологиялық тартысқа үнемі түсіп отырады деген сөз.

Қазіргі заман адамға «екі немесе одан да көп әлемнің бейнесін, түрлі құндылықтар жүйесін қатар ұсына отырып, полионтологиялық шайқасқа шақырады». Сол себепті адам қосымша жүкті сезіне бастады. Әдеттегі әлеуметтік әрекеттер әрқашан тең мәнді, виртуалды аналогтармен толыға бермейді. Адамның қоғаммен өзара әрекетінің эмоциялық, менталды, адами, физикалық құрамдас бөлшектері өзгеріп жатыр. Кейбір материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу, еркін білдіру үшін қандай да бір нақты орында болудың қажеті жоқ. Ол үшін цифрлық құралдар қызметіне жүгіне қою жеткілікті.

Қазіргі жастар технологияны игере отырып, оның сипаттамасына мән бермейді. Бұл технология мен олардың қызмет ету механизмдері туралы үстірт пікір тудыратыны сөзсіз. Көп жағдайда бар назар цифрлық жаңашылдықтың сыртқы атрибуттарына аударылады. Бұл белгі мәнді актілердің формалдануына, құнсыздануына әкеледі. Қазіргі адам таңбалар мен дайын шаблондарға үйренген. Электрондық хаттар түрі мен авторы жоқ электронды құрылым сияқты. Эмоциясы жоқ нәрсеге айналды.

Біз оқытушы ретінде жастармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаймыз. Студенттермен электронды хат жазысамыз. 100 хабарламаны талдау жоғарыда аталған цифрлық шындық тудырған мәселелер өте өзекті екенін және бұл мәселені шешу әр кезде табысты бола бермейтінін ұқтырды. Интернет желісі мен 40 пайыз жағдайда хат жолдаушының есімдері шынайы есімдерімен сәйкес келе бермейді, яғни электронды пошта мекенжайы, логин шын есімдерімен сәйкес келмейді. Осыдан-ақ «Цифрлық Менмен» байланысты туындаған сұрақ шешімін таппады деген сөз.

Цифрлық шындық қоғам мен жеке тұлғаларға қосымша талап қоя отырып, біздің жалғасымыз ретінде қызмет ете бастады. Оны дұрыс қабылдау үшін адам мен цифрлық технологияның өзара әрекетінің тиімді стратегияларын құру мақсатында сыни ойлауды дамыту қажет. Дұрыс қабылдау дегеніміз кез келген технологияны техникалық және гуманитарлық бөліктер кешені деп қарастыру. Белгілі бір цифрлық процестің қалай құрылғаны емес, сонымен қатар оның қолдану салдары, яғни жаңа технология қалыптасқан шындықты қаншалықты дамыта алады немесе құлдыратады сол маңызды.

**4. Цифрландыру мәселесін шешу стратегиясы ретіндегі ақпараттық мәдениет.** Ақпараттық мәдениет бір мәнді емес. Ол тек технологиялық сауаттылықтан тұрмайды. Сонымен қатар моралдық, этикалық, құқықтық, эстетикалық нормаларды қалыптастыру үшін негіз болуы керек. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті қоғамның мәдени әлеуетін құрайды. Олай болса кейінгі даму үшін берік іргетас бола алады.

Мәдениет кез келген қызметке саналы қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік беретін ерекше күш. Ол тәжірибе жинауға, жеке және қоғамдық қатынастарды өзгертуге көмектеседі. Мәдениет адам болмысынан және шындықтан бөлінбейді [9.4].

Ақпараттық мәдениет бұл мәдениеттің жай бөлінбес бөлшегі емес. Ол цифрлық шындықтың әмбебаптығының жиынтығы. Ол адамзат әрекетінің көрінуін ерекше бағдарлауға мүмкіндік береді. Бұл өте өзекті. Себебі адам өмір сүру мен өзін көрсету талабында өмір сүре отырып, шындық пен цифрлық шындықта өзін сәйкестендірудің жаңа заңдарына, бейнелеріне, концепцияларына жетеді. Жаңа технологияларды жасай отырып, біз тәжірибе жинаймыз, мінез-құлықтың жаңа нормаларын, құндылықтарды ойлап табамыз. Олардың сапасынан тұлға мен қоғамның дамуы бастау алады. Бұл әрекеттің сапалы болуы үшін ол «әлеуметтік жүйенің бөлшегі және соның ішінде сапалы әрекет жасай алуы керек» [10.1]. Олай болмаса тұлға мен қоғам тұрақтылығын жоғалтып, дамуда болжам жасау үрдісін жоғалтады.

Сондықтан ақпараттық мәдениетті біз тұлға мен қоғамдағы ақпараттық технологиялық көріністердің толық өзара әрекетін қамтамасыз ету негізі ретінде қарастырамыз. Қоғамда ол цифрландырудың техникалық-технологиялық механизмдері мен оның қуатты гуманитарлық әлеуетіне назар аударудан тұрады. Оның жүзеге асуынан адамзат тұрақтылыққа ие болады және үздіксіз дамиды.

Ақпараттық мәдениеттің дамуы арқылы адамзат болмысының маңызды моралдық нормалары мен құндылықтарын сақтап қалуға болады.

Цифрлық шындық жаңа сападағы адамды талап етеді. Жаңа шындыққа ұстанымдары өзгерген, жаңаша ойлай алатын бөлек адам керек. Ол өзгерістерге ашық және толерантты болуы тиіс. Егер адам өзінің әдеттерінен тұрады дейтін болсақ, бұл сұрақтың күрделі екенін түсінеміз. Себебі адамның бар болмысы бауыр басудан, байламдардан, дәстүрлерден тұрады, ол үнемі сезімге, эмоцияға сүйенеді. Жаңа шындықта адам міндеттерінің жаңа мағынасы ғана емес, сонымен қатар оның шындыққа деген жаңа қатынасының өзі маңызды. Болмыстың жаңа бейнесі әлемді және сол әлемдегі өзін жаңаша көре алатын адамды керек етеді.

Біздің міндетіміз – осы жаңа цифрлық шындықтағы адамның жаңа қасиеттерін жасау, қалыптастыру. Мағына беріп, оны мәдени кеңістікке алып шығу. Мәдени кеңістіктен оны балабақша тәрбиешілері, ата-аналар қағып алатын болады. Ары қарай тәрбие процесінде жаңа адамның қалыптасуына әсер етеміз. Жаңаша ойлайтын адам күтіп өмір сүрмейді, ол өзін жасайды. Адам болмысын қайта қарау, қалыптастыру адамның өзіне керек. Бұл адамның өзі туралы ойлауы, өзінің бақытына жасаған қамқорлығы.

Бұрынғы өткен бабаларымыз өліара шақта үлкен маңызды өзгерістің орын алатынын айтқан болар. Одан кейін тұрақтылық келетін. Ал қазір адамзат тұрақты өзгерістер кезеңіне өтті, тұрақтылық дәуірі деген нәрсе енді болмайтынын түсінгеніміз жөн.

#### **Тұжырым**

Мақалада көрсетілген мәселелер жаңа цифрлық шындыққа өткеніміздің белгісі. Цифрландыру – адамзат қашып құтыла алмайтын заңды және объективті құбылыс. Оны адамзат өркениетінің дамуының ажырамас элементі ретінде қабыл алуымыз керек. Иә, цифрлық шындықтың адамзатқа тигізетін кері әсері, минустары болғанымен біз оның артықшылықтарын

пайдалана алуымыз қажет. Сол кезде өмір сапасы да өзгереді, барлық нәрсе оңтайлы, ыңғайлы бола түседі. Адамзаттың басым көпшілігі цифрландыру беретін комфорт пен игілікті таңдайды. Күн өткен сайын бәріміз цифрлық технологияның құлы болып бара жатқанымызды мойындауымыз қажет. Цифрлық дәуірге дейінгі өзгерістер бірнеше ұрпаққа созылды және адамдардың жаңа жағдайға, өзгерістерге асықпай бейімделуіне мүмкіндік беретін. Ал қазіргі өзгерістер адамның асықпай өмір сүруіне мүмкіндік бермей отыр. Цифрлық технология адамдарға заман талабына сай тез бейімделуді талап етіп жатыр.

Сондықтан цифрлық шындыққа сәйкес келу үшін адамның бойын үнемі белгісіздік, мазасыздық билеуі қалыпты жағдайға айналды. Цифрлық технологиялар адамдарға жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Адам кеңістік пен уақыттан тәуелсіз өмір сүре бастады. Білім алу да, жұмыс жасау да, жетістікке жету де жеңіл бола бастады. Қазір біздің алдымызда тұрған міндет өзгерістерге тез бейімделетін, моралдық нормалар мен құндылықтарды бағалай алатын жаңа адам бейнесін жасау, тәрбиелеу.

Цифрландыру адам өмірі мен қызметінің барлық саласында үлкен өзгерістер алып келді. Технологиялар жаңа салалардың дамуына қозғаушы күш болып қана қойған жоқ, сонымен қатар маңызды әлеуметтік рөлдерге ие бола бастады. Қоғамдағы тұрғындардың қартаюуы, әлеуметтік жіктелу, экологиялық мәселелер, климаттың өзгеруі сияқты мәселелердің шешілуіне өз үлесін қоса бастады. Алдыңғы қатарлы ғылым мен технологияның арқасында адамның қажеттілігіне, икемділігіне, жаңашылдығына бағытталған жаңа құндылықтарға негізделген «ақылды» қоғам пайда болды. Цифрландырудың ықпалымен еңбек нарығы, денсаулық сақтау, білім беру, кеңістіктік даму өзгере бастады.

Цифрландырудың маңызды нәтижелерінің бірі - жаңа мамандықтардың көптеп пайда болуы. Жаңа мамандықтардың пайда болуы кей мамандықтардың жоғалу қаупін тудырады. Әлеуметтік маңызды қызмет саласында цифрлық технологияны дамыта отырып, мемлекет электронды форматқа ауысатын ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығына кепіл беруі және дербес ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. Түрлі киберқауіптің арту ықтималдығы кибер қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әрекет ету шаралары мен қосымша шығындарды қабылдауды қажет етеді. Яғни цифрлық дербес ақпараттарды қорғау жүйесін заман талабына сай ету, мәліметтер қорымен жұмыс істейтін лауазымды тұлғаларға рұқсат берген кезде қатаң бақылау, цифрлық бірдейлендіру сияқты әрекеттерді жасаған дұрыс. Қазіргі уақытта ақпараттарды қорғау барысында биометриялық өлшемдерді қолдану кеңінен қолдана бастады. Электронды цифрлық қолтаңбаларды да азаматтар қолдануды үйрене бастады. Азаматтар электронды цифрлық қолтаңбаны қолданып ақпараттық жүйелер арқылы, электронды үкімет порталы арқылы қызмет алып, анықтамалар мен құжаттар жинақтауды үйренді. Бұл азаматтардың цифрлық сауаттылығының артқанының көрінісі. Осыдан жиырма жыл бұрын адамдар мобилді телефонды енді көре бастаса, қазір цифрлық технологияның жемісі смартфондар мен түрлі гаджеттер арқылы қажеттіліктерін өтеуді үйренді.

Сонымен цифрлық өзгеріс елде технологиялық өзгерістерді тудырады, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен мемлекеттің тиімділігін арттырады, азаматтардың өмір сүру ортасын комфортты етіп, халықтың өмір сүру деңгейін өсіреді. Цифрландыру адам факторының ықпалын азайтып, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызмет процестерінің ашықтығын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Лазина Е.В. Цифровая реальность в контексте процессов коммуникации и экзистенции человека // Современные исследования социальных проблем. 2019. Т.11. №2. с.78-90
2. Киселов С.Ю. Дошкольный возраст – критический период развития не только психических процессов, но и личности ребенка в целом // Современное дошкольное образование. - № 2 (104).-с.4 -11.
3. Пурынычева Г.М., Баданова Н.М. Цифровая реальность как вызов человечеству. Философия и общество. №4 2021. с.66-74. <https://doi.org/10.30884/jfio/2021.04.04>



4. Разин А.В. Активность и пассивность: аргументы за и против//Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. 2018. №2. с.119-133.
5. Солдатова Г.У. Цифровая социализация в культурно-исторической парадигме: изменяющийся ребенок в изменяющемся мире.//Социальная психология и общество. – 2018.- т.9-№3-с.71-80.
6. Терентей Е.Е. Проблема социальной реальности в истории социально-философской мысли//Теория и практика общественного развития. 2007.№1. с.37-40.

### References

1. Lazinina E.V. Sifrovaia realnost v kontekste prosesov komunikasii i ekzistensii cheloveka// Sovremennye issledovaniia sosialnyh problem.2019. T.11. №2. s.78-90.
2. Kiselöv S.İu. Doşkolnyi vozrast — kriticheski period razvitiia ne tolko psihicheskikh prosesov, no i lichnosti rebönka v selom // Sovremennoe doşkolnoe obrazovanie. — № 2 (104).-s.4 -11.
3. Purynycheva G.M., Badanova N.M. Sifrovaia realnost kak vyzov chelovechestvu. Filosofia i obşestvo, №4 2021. s.66-74. <https://doi.org/10.30884/jfio/2021.04.04>
4. Razin A.V. Aktivnost i pasivnost: argumenty za i protiv//Vestnik Moskovskogo universiteta. Seria 7. Filosofia.2018. №2. s.119-133.
5. Soldatova G.U. Sifrovaia sosializasia v kulturno-istoricheskoi paradigme: izmeniaiuşisia rebenok v izmeniaiuşemsia mire// Sosialnaia psihologia i obşestvo. – 2018.- t.9-№3-s.71-80.
6. Terentev E.E. Problema sosialnoi realnosti v istorii sosialno-filosofskoi mysli//Teoria i praktika obşestvennogo razvitiia. 2007.№1. s.37-40.

## ПРОБЛЕМЫ ВЫЗВАННЫЕ ЦИФРОВОЙ РЕАЛЬНОСТЬЮ

АМАНИЯЗОВА Б.А. , ЖАЛМАГАНБЕТОВА А.С. 

\*Аманиязова Бағдагүл Айтбайқызы — магистр гуманитарных наук, Актюбинский региональный университет им. К Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>;

Жалмаганбетова Амангүл Серикбаевна – магистр исторических наук, Актюбинский региональный университет им. К Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: [amanek\\_botik@mail.ru](mailto:amanek_botik@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

**Аннотация:** В этой статье автор поднимает проблему, как изменилось «нормальное бытие» в глазах современного поколения. Кардинальные изменения, вызванные технологической инфраструктурой, и сдвиги, вызванные ими в жизни общества, неоднократно менялись в жизни одного поколения. Развитие цифровой реальности с неосценимой скоростью стало реальностью, которую человечество должно принять, изучить, адаптироваться. Это новый этап познания мира. Новый этап требует нового человека, который может по-новому думать о себе, об окружающей действительности и о своей роли в этой реальности. В статье автор выделил проблемы, с которыми сталкивается человек в условиях новой цифровой реальности. Новое время постоянно меняется. Это изменение стало постоянным процессом. Человек постоянно живет в состоянии ожидания. Виртуальный мир не только предоставляет возможности, но и создает противоречия. Перед человечеством возникли серьезные проблемы. Люди начали выражать себя с помощью образов, которые они придумывали, создавали, и эти образы не соответствуют их реальному существованию. Автор говорит о том, что посредством информационной культуры возможно сохранение существенных моральных норм и ценностей.

**Ключевые слова:** реальность, цифровая реальность, информационная культура, адаптация, ценности, изменение.

## ISSUES CAUSED BY DIGITAL REALITY

AMANIYAZOVA B.A. , ZHALMAGANBETOVA A.S. 

\*Amaniyazova Bagdagul Aitbaykyzy - Master of Arts, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>;

**Zhalmaganbetova Amangul** - Master of Historical Sciences, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

**E-mail:** [amanek\\_botik@mail.ru](mailto:amanek_botik@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

**Annotation:** In this article, the author raises the problem of how the "normal existence" has changed in the eyes of the modern generation. The fundamental changes caused by technological infrastructure and the shifts caused by them in the life of society have repeatedly changed in the life of one generation. The development of digital reality with invaluable speed has become a reality that humanity must accept, study, adapt. This is a new stage of cognition of the world. A new stage requires a new person who can think in a new way about himself, about the surrounding reality and about his role in this reality. In the article, the author highlighted the problems that a person faces in the conditions of a new digital reality. The new time is constantly changing. This change has become an ongoing process. A person constantly lives in a state of expectation. The virtual world not only provides opportunities, but also creates contradictions. The article raises these questions. The author says that through information culture it is possible to preserve essential moral norms and values.

**Key words:** reality, digital reality, information culture, adaptation, values, change.